



• БІРІНШІ ВИЦЕ-ПРЕМЬЕРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

## Қамданған қапы қалмайды

Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр кеншілер өлкесіне жұмыс сапарымен келіп, Қарағанды және Теміртау қалаларындағы жылумен жабдықтау көздеріндегі жөндеу жұмысының барысын тексерді. Одан бөлек, «Қарағанды-Балқаш» күрежолының реконструкциясымен танысып, Балқаш қаласының жылу беру маусымына дайындығын да назардан тыс қалдырмады.

### Жылыту маусымында іркіліс болмауы тиіс

Жылыту маусымы басталғанда Қарағандыда үшінші жылу беретін орталық іске қосылатынын айта кеткен жөн. Ол Оңтүстік-Шығыс ауданының жаңа ғимараттарын сапалы жылумен қамтамасыз етіп, қазіргі жүктемені азайтап. Ол үшін ұзындығы 22 шақырым құбырға отандық өндірістің алдын ала оқшауланған құбырлары қолданылып, ЖЭО-3-тен екі тармақпен төселеді.

Сапар барысында бірінші вице-премьерге жұмыс кестесі мен жұмыстың барысы туралы баяндалды. Мердігер жұмысқа тиегіш көлік, экскаватор, бульдозер, самосвал сынды 55 бірлік арнайы техника жұмылдырған. Салынған төрт сорғы стансасына қазір қажетті жабдықтар орнатылып жатыр.

Сонымен қатар, Роман Скляр Теміртау қаласындағы «Qamteb» АҚ ЖЭО-2 жетінші қазандығының құрылысы мен ҚарГРЭС-1 жөндеу науқанына да ат басын тіреді.

Онда Премьер-министрдің бірінші орынбасарына ЖЭО-2-дегі жетінші қазандықты жылыту маусымы басталғанда тапсыру



Суреттер облыс жауапты сайының

жоспарланғаны мәлімделді. Бүгінде аталған нысан 70% дайын және оны іске қосу қосымша 80 Гкал жылу қуатын береді.

Роман Скляр жетінші қазандықты мерзімінде тапсыруды, жұмысты күнделікті бақылап отыруды реттеуді және проблема туындай қалса, дереу хабарлар етуді мұқият тапсырды.

Құрылыс барысын тежейтін кез келген мәселені хабарлап отырыңыздар. Біз дереу жауап қатамыз боламыз. Былтыр 180 мың тұрғын жылыту маусымын резервсіз қарсы алды. Жетінші қазандықты белгіленген мерзімінде тапсыру – өте маңызды міндет, – деп атап өтті ол.

Ал, ҚарГРЭС-1 қаланың ескі бөлігінің тұрғындарын жылу энергиясымен қамтамасыз етеді. Жабдықтың ескіруіне байланысты былтыр қыста жылу беруде үзіліс-

тер орын алғаны. Осы орайда, екі қазандық пен бір турбогенераторды ағымдағы жөндеу және бір қазандықты күрделі жөндеу жоспарланған. Кәсіпорын басшылығы жұмыс кестеге сәйкес жүріп жатқанын, жылыту маусымында орталықта екі қазандық пен екі турбина іске қосылатынын, үшінші қазандық резервте болатынын айтты.

Роман Скляр жоспар бойынша жүріп жатқан жұмыстың сапалы әрі уақытылы аяқталуы тиіс екенін баса айтты және жылыту маусымы кестеден іркілес, оған жауапкершіліктің бар екенін ескертті.

Теміртау қаласының әкімі Ораз Тәуірбеков жаңа жылыту маусымына дайындық туралы кеңінен айтты берді. Қалада жылу магистральдарына реконструкция жасалып жатыр. Биыл алғаш рет 30 шақырым орамшылқ желілер жөнделеді.

Сондай-ақ, бірінші вице-премьерге трамвай паркін қалпына келтіру туралы да ақпарат берілді. Зауыт басқармасынан Республика даңғылына дейін жаңа трамвай жолдарын төсеу басталып та кеткен.

Онда электр бөлігі толығымен ауыстырылып, депо жөнделеді. Жаңа вагондардың жеткізілуі күтілуде. Биыл трамвай қатынасын іске қосу жоспарланып отыр. Жалпы, Теміртауда ТКШ, жол саласы және тұрғын үй құрылысында барлығы 90-ға жуық инфрақұрылым жобасы іске асырылып жатқанын атап өткен жөн.

### «Қарағанды-Балқаш» күрежолы басты назарда

Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр жұмыс сапары барысында ұзындығы 363 шақырым болатын «Қарағанды-Балқаш» күрежолының реконструкциялау жұмысының барысын тексерді.

Қазір мердігер компания жол жабынының жоғарғы қабатын төсеіп жатыр.

«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Қарағанды облыстық филиалының директоры Ерлан Жұмағұлов автожолдың тұтас бойында айналып өтетін жер жоқ екенін және көлік құралдары қозғалысы қалыпты жағдайда жүріп жатқанын атап айтты.

Ал, Жұмабек, Ақсу, Ақшатау, Ақсу-Аюлы елді мекендері мен Балқаш қаласы үшін бес айналма жол салынған. Мердігер Балқаш қаласының іргесіндегі теміржол арқылы өтетін өткел мен жол айрығы құрылысын аяқтапты.

Ауыл шаруашылығы техникасының өтуі үшін 32 жол өтпесі мен 11 көпір салынып, қолданыстағы инженерлік коммуникация желілері қайтадан жүргізілген.

Аталған тас жолдағы қарқынды жұмыс кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Тосқауыл қоршаулар орнатылып, қардан қорғайтын және мал өткізбейтін қоршаулар салынған. Демалыс алаңдарын жасау бойынша жұмыс жүргізілуде. 18 дема-

лыс алаңының ішінде модульдік үлгідегі 8 санитарлық-гигиеналық торап бар. Аялдап отыратын арнайы орындар мен автокөліктерді жөндеуге арналған эстакадалар да қарастырылыпты.

Бірінші вице-премьер «Қарағанды-Балқаш» автожолының «Орталық-Оңтүстік» көлік дәлізін дамыту үшін маңызы зор екенін айрықша атап өтіп, жол құрылыс жұмыстарының қарқынды төмендетпеді және жолды реконструкциялауды жыл соңына дейін аяқтауды мұқият тапсырды.

Сонымен қатар, жұмыс сапары барысында бірінші вице-премьер Балқаш қаласындағы жылыту маусымына дайындықты да назардан тыс қалдырмады. Жылу желілері мен қалалық ЖЭО-ның қайта жаңартылатын учаскелерімен танысып шықты.

Мұнда 2021 жылдан бастап, қалада ұзындығы 10,6 шақырым магистральдық жылу желілеріне реконструкция жүргізіліп жатыр. Жұмысты биыл аяқтау жоспарланған. Бұл қаладағы жылумен жабдықтау сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, ішкі магистральдық және орамшылқ жылу желілерін жаңарту бойынша да жұмыс жүргізілуде. Барлығы 25 шақырым жылу желілері жаңартылады.

Сапар барысында бірінші вице-премьерге жұмыс күшінің басым бөлігі өткен жылыту маусымында үзіліс байқалған жылу магистралінің тозаң учаскелерінде жұмылдырылып, қызу жұмыс жүргізіліп жатқаны туралы айтылды.

Балқаш ЖЭО-да Роман Склярға жаңа, бесінші қазандықтың құрылысы жайында да баяндалып, ондағы монтаждау жұмысын 2026 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отырғаны тілге тиек етілді.

Мұнда орталық жабдықтарын жөндеп, жаңғыртуға 2,6 млрд теңге бөлінген. Үш қазандық пен екі турбинаға ағымдағы жөндеу жұмысы аяқталса, тағы бір қазандық пен турбинаны күрделі жөндеу жоспарланған.

Биылғы жылыту маусымының басында ЖЭО төрт қазандықпен жұмыс істейтін болады және бұл тұрғындарды тұрақты әрі сапалы жылумен қамтамасыз етпек.

Өз тілшімізден

• РЕСМИ

## Зардап шеккендерге көмек бар

Парламент палаталарының бірлескен отырысы барысында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Олжас Бектенов ауқымды су тасқынының салдарын жою, нысандарды қалпына келтіру жұмыстарының барысына түсініктеме берді.

Ерканат КЕНЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Үкімет басшысы су тасқыны мыңдаған азаматқа, сондай-ақ, инфрақұрылымға, экономикаға және жалпы елімізге айтарлықтай зиян келтіргенін атап өтті.

Көмек көрсету тұрғысында ауқымды жұмыс атқарылуда. Мемлекет басшысының Үндеуіне жауап ретінде ірі бизнес өкілдері елеулі қолдау көрсетті. Бюджеттік қор да оңтайлы жұмсалды. Бүгінгі таңда 33 141 отбасы 100 айлық есептік көрсеткіш көлемінде отемек алды. Осы мақсатқа бюджеттен 12 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді, – деп мәлімдеді Олжас Бектенов.

Айта кетелік, тасқын су инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымға, жолдарға зардабын тигізді. Атап айтқанда, 2,3 мыңнан астам энергиямен жабдықтау тіректері қирап, 54 шақырымдық желі үзілді. Бүгінде 40%-ы қалпына келтірілді. Ал жаз айларында жұмыс қарқынын үдетпейді. Республикалық, жергілікті жолдардың 290 учаскесінде автомобиль қатынасы үзілді.

Бүгінде Атырау облысында бір учаскені қоспағанда, барлық аумақтар бойынша қозғалыс қалпына келтірілген. Аталған учаскедегі қозғалыс су кеткен кезде ашылады. Сонымен қатар, 39 білім беру нысаны су астында қалды. Оның 18-і ағымдағы жөндеуді, 11-і күрделі жөндеуді қажет етеді, 9 білім беру нысаны одан әрі пайдалануға мүлдем жарамсыз. Демек, жаңадан салынады. Бір білім беру нысанында әлі де тексеру рәсімі жүргізіліп жатыр.

Президенттің тапсырмасына сәйкес, күн суытқанға дейін барлық азамат жаңа тұрғын үйге қоныстанып, барлық инфрақұрылым нысандары қалпына келтірілетін болады, – деп түйіндеді Олжас Бектенов.

• САЛАУАТТЫ ҰРПАҚ

## Аналар денсаулығы алаңдатады

Қазақстанда 15-18 жас аралығындағы жасөспірімдердің 17%-ы кем дегенде бір рет жүкті болған. Қатарынан бірнеше рет босану – ана мен бала өлімінің қаупін 40%-ға арттырған. Осы орайда Отбасын қолдау орталығы ауруларды ерте анықтау, диспансерлік бақылау мен сауықтыруға бағытталған репродуктивті денсаулық апталығын бастады.

Апталық аясында отбасын жоспарлау, дені сау және қалаулы балаларды дүниеге әкелу, балалар мен жастар, әйелдер денсаулығын қорғауға бағытталған шаралар өтпек.

Апталық аясында денсаулық сақтауға бағытталған түсініктеме жұмыстары жүргізіледі. Қазіргі таңда ата-анасының немесе заңды өкілдерімен 11 жастағы қыздарға АПВ-ға қарсы вакцинациялау жұмыстары жалғасуда. Бұл жатыр мойнын обаның алдын алуға мүмкіндік береді. 18 жасқа дейін жүкті болғандар арасында жас нәресте өлімі 20-30 жас аралығындағы әйелдерге қарағанда 35%-ға жоғары. Ал, ана өлімі 34%-ға жоғары, – дейді қалалық әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары Айжан Қиясова.

Мамандардың сөзіне сүйенсек,

бүгінде 15 жасқа дейінгі қыздардың босану кезінде өлу ықтималдығы 20 жастағы әйелдерге қарағанда 5 есе жоғары. 35 жасан асқан жүктілікте туа біткен жүйке түтігі ақаулары бар, атап айтқанда Даун ауруы бар балалардың туу ықтималдығы да жоғары. 40 жасан асқанда бұл ақау 40 есе артады деген деректер кездескен.

Босану арасындағы аралық 2 жылдан аз болса, балалардың өлімі 2,5 есе жоғары болады. Олардың арасында баланың өлі тууы, өздігінен түсік түсіру және салмағы аз балалардың тууы қаупі артады. Ал, ана өлімі, жүктіліктің асқынуы, қан кету қаупі екі есе, – дейді облыстың отбасын жоспарлау және репродуктивті денсаулық орталығы жетекшісі Ирина Копобаева.

Мамандар отбасын құруға алдын ала дайындық болашақ ата-ананың екеуіне де қажет екенін айтады.

Өз тілшімізден

• ЖАЗ ЖАЙНАТЫП, КҮН КҮЛДІРІП...

## «Бақыт деген – сенің бала күндерің»

Жаздың үш айында алаңсыз асыр салып демалғысы келетін балалар лагерге асығады. Оқу жылы аяқталғанда балаларын түрлі демалыс орындарына жібергісі келетін ата-аналар да көбейеді. Облыста балалардың биылғы жазғы демалысын ұйымдастыруда 423 мектеп жанындағы лагерь жұмысын бастады. Онда 160 мыңға жуық оқушы демалады деп жоспарланған.

Қарағандылықтардың басым бөлігі демалысын №2 Оқушылар сарайында өткізуде. Жазғы демалыстың қызықты сәттерін Ақтоғай ауданындағы киіз үйдегі лагерьден және Теміртау жоғары политехникалық колледжі базасындағы «жазғы лагерьден» тамашаладық.

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»



### Балалар лагеріне бақылау бар

Қарағандыдағы мектеп жанынан ашылған лагерьлер жаз айларында үйірмелерге жазылған балалар үшін робототехника, шахмат, тігін, STEM, IT, музыкалық шығармашылық және математикалық есептер шығару үйірмелері қызықты бағдарламалар ұсынуда. Өткен жазда балалар үстел үсті ойындарының түрлерін алғаш рет ойнап көріпті. Әсіресе, сергіту ойындары балалардың көңілін көтеретін ерекше демалысына айналған. Олар өздерін түрлі рөлде сынап көргендіктен, жаздық бағдарламаларға деген қызығушылықтары да еселеніп түскен. Сол уақытта балалар ерекше белсенділік танытқан бағыттың бірі тігін, колөнер саласы екені байқалыпты. Күн сайын балалар өз қолдарымен бұйымдар жасауда алдарына жан салмаған көрінеді.

Биылғы жазғы лагерьлер де балалар үшін ерекше қызыққа толы болып өтеді деп жоспарланған.

► 3-бет





# Жұмыссыздық деңгейі төмендейді



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМАТІ



Сурет облыс әкімінің сайтынан

Биылғы бес айда облыстың 14 мың тұрғынын жұмыспен қамту үшін түрлі шаралар қабылдана, 12 мың орналасып үлгерген. Аткарылған жұмыстар мұнымен тоқтап қалмайды. Жыл соңына дейін барлығы 51 мың тұрғын тұрақты жұмыспен қамтылады деген жоспар бар. Бұл туралы аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен кезекті аппарат жиынында облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Әсем Жүнісбекова мәлімдеді.

**Салтанат ІПНЯШ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету үшін түрлі құралдар қолданылатынын айту керек. Олардың қатарында түрлі ұлттық жобалар, «Ұрпақтар келісімшарты», «Күміс жас», «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс орны» сияқты жұмысқа орналастыру бағдарламалары қарастырылған. Одан бөлек, облыста өз ісін ашамын деп, бастама көтергендерге де қолдау қомақты.

– 1200-ден астам қарағандылық «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыды. Екінші жартыжылдықта жастар кәсіпкерлігін дамыту үшін 2,5%-бен 339 жеңілдікті несие беруді жоспарлап отырмыз. Одан бөлек, қазір халықтың әлеуметтік осал топтарына жатқызылған қарағандылықтар 33 грант алды. Мемлекеттің қолдауының арқасында облыстың әртүрлі қалалары мен аудандарында наубайхана, спорт клубы, жылыжай, терезелерге тор жауау шеңбері, ұлттық киім өндірісі және тағы сол сияқтылар ашылды, – дейді Әсем Жүнісбекова.

Облыста жұмыспен қамту жан-жақты. Атап айтқанда, тұрғындардың кез келген санаты үшін кез келген жағдай қарастырылғанын айту керек. Мәселен, мүгедектігі бар және оларға қамқорлық жасайтын адамдарға арналған үш жылдық жаңа жоба іске қосылды. «Террикон алқабы» ІТ-хаб бұқарасында 300-ден астам адам жаңа цифрлық мамандықты игере алады. Оқыту – тегін.

Кейінгі уақытта облыста жұмыспен қамту бойынша түрлі тетіктер қолданылатынын айтқан болатынбыз. Соның бірі – бос орындар жәрмеңкесі. Бұл – келушілерге жұмыс берушімен қарым-қатынас барысында жұмысқа орналасудың қолайлы нұсқалары мен шарттарын таңдауға мүмкіндік беретін тиімді әдістердің бірі.

Аймақта бос орындар жәрмеңкелері үнемі өткізіліп тұрады. Ал, халықтың көп бөлігін қамту мақсатында бұл жәрмеңкелер адамдар көп жиналатын жерлерде өткізіледі.

Елімізде бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққандарға әлеуметтік тұрғыдан барынша көмек көрсету – басты назарда. Осы орайда Мансаптық орталықтар тұрақты түрде бостандығынан айыру орындарынан босатылған және проба-шаршау кезеңінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру бойынша жұмыс жүргізетінін де айту керек.

Бұл ретте әлі де үйді-үйіне барып, аралау жүргізіледі. Жұмыссыз және НЕЕТ-жастарды есепке алуға және оларды жұмыспен қамту шараларына жұмылдыруға мүмкіндік береді.

– Жалпы жүргізіліп жатқан шаралар жұмыссыздық деңгейін 4,2% деңгейінде сақтауға мүмкіндік берді. Бұл республикалық көрсеткіштен 0,5 пайызға төмен, – деді Әсем Айтжанқызы.

Ермағанбет Қабулаулы аудан әкімдері мен жоба әкімшілеріне жұмыс орындарын құруды және жұмыссыздарды жұмысқа орналастыруды бақылауды тапсырды.

– Қазір жастар үшін жұмысқа орналастыруға барлық жағдай жасалған. Түрлі бағдар-

ламалар бар, оларды белсенді пайдалану керек. Биыл колледждер мен жоғары оқу орындарын 20 мыңнан астам түлек бітіреді. Оларды жұмыспен қамту шараларымен белсенді қамтып, мемлекеттік қолдаудың барлық шараларын ұсыну қажет, – деді аймақ басшысы.

Аппарат жиынында жылу көздерін қыс мезгіліне дайындау мәселесі де қарастырылды. Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының басшысы Тілектес Досаев қазірдің өзінде 200-ден астам жергілікті жылу көздері қыс мезгіліне дайын екенін айтты.

– Жұмыс штаттық режимде жүруде. Дайындық жоспар бойынша. Яғни, жұмыстардың 36,2%-ы орындалды. 224 жергілікті жылу көздерінің, 900 шақырымға жуық инженерлік желілердің, 418 әлеуметтік мәдени тұрмыстық нысандардың және 2044 көпқабатты тұрғын үйлердің дайындығы қамтамасыз етілді, – деді Тілектес Досаев.

Облыстың энергия көздерінде негізгі және қосалқы жабдықтарды жөндеу жалғасуда. Көмір сатып алу және оны кезең-кезеңімен жөнелту жұмыстары басталды.

Қарағанды облысының әкімі әлеуметтік маңызы бар нысандардың алдағы қысқа дайындығын және электр станцияларында жөндеу жұмыстарын тұрақты бақылауда ұстауды тапсырды.

– Алдағы жылыту маусымына уақытты және сапалы дайындық – менің апта сайынғы бақылауымда қалатын басты мәселе. Бүгінде барлық қажетті құжаттар қабылданып, жауапты тұлғалар тағайындалды. Жөндеу жұмыстарының кестесін қатан сақтау қажет. Энергетика басқармасы мен аудан әкімдеріне жылу беру маусымына сапалы дайындықты қамтамасыз етуді, көмірді уақытылы сатып алу бойынша жұмыстарды жүргізуді және сапаны бақылауды тапсырамын. Көмірді алдын ала дайындау қажеттілігі туралы халықпен түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

• ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

## Жәрмеңке нәтижесіз емес

Орталық саябақта өткен әлеуметтік жәрмеңке ұйымдастырушылардың айтуынша, нәтижелі болды. Жыл басынан бері көпшілікке арналған осындай 54 шара ұйымдастырылған. Саябақтағы сахна жанына жиналған барлық сала мамандары келушілердің сұрақтарына жауап берді, бос жұмыс орындарын ұсынды, халықтың әл-ауқатын көтеруге бағытталған мемлекеттік бағдарламалар туралы хабарлар етті.

**Жансая ОМАРБЕК,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды қаласы әкімдігінің қолдауымен шараға аудан әкімдіктері, прокуратура, әділет басқармасы, сот орындаушылары, полиция қызметкерлері, барлық мемлекеттік мекемелер мамандары жиналды. «Теп Qogam» ерекше қажеттілігі бар адамдарды әлеуметтік бейімдеу орталығы, «Ана үйі» өкілдері де бар. Сонымен қатар, 50-ге жуық жұмыс беруші қатысты.

– Көпшілікке бағдарланған шараларды ақпан айынан бастап өткізіп келеміз. Бұлар уақыт өте келе өз нәтижесін береді. «KamaTyresKZ», «QazTehna» «Қарағанды су», «Сарыарқа нан» сынды ірі кәсіпорындардың өкілдері бар. Мұның бір жақсысы, әркім өзі тікелей барып, көкейіндегі сұрағын қоя алады. Қазір демалыс уақытында жастарға жұмыс орындарын ұсынамыз. Қысқамерзімді оқулар бар. «Жастар практикасы» өз мамандығымен жұмыс істемейтін, 35 жасқа дейінгі колледж не университет түлегіне арналған. «Алғашқы жұмыс орны», «Күміс жас», «Ұрпақтар келісімшарты» сияқты жобалар туралы да айтылды. Қоғамдық жұмыстарға да тартылады. Бұл көше тазалау емес, көпшілік ойлайтындай, кеңсе жұмыстары,

инспекторы Меруерт Қадырбаева орталыққа медбике мен әлеуметтік қызметкер іздеп келіпті.

– Бізге медициналық, педагогикалық, әлеуметтану бағытында білімі бар маман қажет. Орталық зейнеткерлер мен қарттарға түрлі әлеуметтік қызмет ұсынады. Орталыққа келушілер қатары көп, – дейді ол.

«Жорзина» сауда үйінің өкілдері де аспаз, кондитер, наубайханашы қажет екенін айтты. Кәсіпорын бір ай бойы өздері оқытып, шәкірталқы төлеп, әрі қарай, жұмыс тауып береді.

– Біз ресми түрде жұмыс ұсынамыз. Адамның ниеті болса, болды. Мамандығы маңызды емес, – деді Диана Манатова.

Жәрмеңкеде «Жасыл ел» жасактары да болды. Оларға арналған арнайы тимбилдинг, конкурстар ұйымдастырылған. Серіктестердің атынан берілетін сертификат та бар.

Қарағанды қаласының жастар ресурстық орталығы жетекшісі Якуб Джамалов биыл жасактардың қатары екі есе көбейгенін айтты.

– Биыл жұмыс істеуге ниет білдіргендер көп. Сондықтан, қосымша жұмыс орындары ашылды. 14-16 жастағы топ мектеп жанында еңбек етеді. Гүл егеді, ақтау,



– деді Қарағанды облысы бойынша еңбек мобильділігі орталығының директоры Нұржан Сыздықов.

Қарағанды облысында ұйымдастырушылардың мәліметінше, 2 мыңнан астам бос жұмыс орны бар. Әлеуметтік жәрмеңкеде 700-ден астам жұмыс орны ұсынылды.

Мәселен, автобус шығаратын «Qaz-Tehna» зауытына автомалар, слесарь, электргаздәнекерлеуші, автоэлектрик, жүк тасушы сынды мамандар қажет. Кәсіпорын өкілі Толқын Авилиці айтуынша, мамандық талап етілмейді, дегенмен, техникалық білімі болғаны жақсы. Апарып, әкелу, тамақтану тегін.

Ал, Қарағанды қаласының белсенді ұзақ өмір сүру орталығының кадр бөлімі

тазалау жұмыстарын жасайды. Бірақ, жөндеу жұмыстарына жіберілмейді. Олар 4 сағаттық еңбегіне 87 мың теңге алады. 16 жастан асқандар 127 мың теңге есептелген, колдарына 105 мыңдай тиеді. «Жасыл ел» жұмысы тамыздың соңына дейін жалғасалды, – деді ол.

Шара барысында жұмыспен қамту, жер қатынастары мәселелері, кәсіпкерлік, гранттар, тұрғын үймен қамту, денсаулық, білім, құқық қорғау бағытында 500-ден астам кеңес берілді.

Ұйымдастырушылар осындай әлеуметтік жәрмеңке Майқұдықта да өткізілетінін айтты.

**ҚАРАҒАНДЫ**

Сурет ұйымдастырушылардан

# Бес кеселге қарсы біріккен күш

Аймақ белсенділері ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың үшінші Ұлттық Құрылтай кезінде атаған бес әлеуметтік кеселге қарсы күш біріктіруде. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының бастамасымен құрылымдық күштер, мемлекеттік мекемелер мен Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері меморандумға қол қойды. Оның негізінде нашакорлық мен лудоманияға, кейіпке қарсы өзара ақпараттық әріптестікті күшейтпек.

**Жансая ОМАРБЕК,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі комиссия төрағасы Айжан Қиясованың айтуынша, қоғамда орын алып жатқан осы кеселдер туралы түрлі платформалардан жиі айтылса, олардың алдын алу мүмкіндігі артады.

– Өкінішке қарай, Президент атаған әлеуметтік кеселдер бүгін біздің қоғамда жиі кездеседі. Бұл әлеуметтік мәселелерді одан әрі өршіте түседі. Оларға қатысты мемлекеттің көзқарасы айқын, тыйым салынған. Әсіресе, жастар арасында кеңінен таралып жатқан жаман әдеттер күш біріктіруімізді талап етеді. Қазақстан халқы Ассамблеясы отбасылармен көбірек жұмыс істегендіктен, бұл мәселені отбасында түсіндіріп, түрлі форматтағы шараларды көбейтіп, ақпараттық насихат жұмысын жандандырамыз, – дейді Айжан Қазимирқызы.

Қарағанды облысының полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы басқармасының жедел уәкілі Кирилл Корниенко

қазір есірткілердің өсімдіктерден алынатын түрлерін синтетикалық түрлері алмастырғанын айтты. Оларды кез келген жерде жасай береді. Тіпті, арнайы химиялық білімнің де қажеті жоқ. Қауіптісі де осы болып тұр.

– Осыдан бірнеше жыл бұрын мұндай зертхананы 11 сынып оқушылары жасамақ болған. Бірақ, біз хабардар болып, қылмыстың алдын алдық, – дейді Кирилл Корниенко. – Жалпы, жастардың барлығы осындай, жаман деп айтуға болмайды. Тек ортасына еліктеп, «бір көргенде тұрған ештеңе жоқ» деген оймен ілесіп кетуі мүмкін. Бір көргеннен кейін тоқтай алмай қалуы әбден ықтимал.

Маман есірткі жасырушыларды үлкен мәселе деп атады. Есірткі заттарының айналымында олар – «шығын материалдары». Жігі ұсталатындарда да солар.

– Есірткі жасырып, сақтағаны үшін ұсталғандардың көбі – аққатты отбасынан шыққандар. Ұсталғандардың барлығы мұндай істің соңы не болатынын жақсы біледі, бірақ, соған қарамастан, жасайды. Себебін сұрағанда, ақша



керек болғанын айтады. Өзі тапқысы келген. Бірақ, жолын дұрыс таңдамаған. Жыл басынан бері есірткі таратқаны үшін бес көмелетке толмаған бала ұсталды. Бірі – 11 сынып оқушысы. Ол қазір үкімін күтуде. Ал, қалған төртеуі бас бостандығынан айырылды, – деді Кирилл Корниенко.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, өзекті мәселені үлкендерден гөрі жастардың өзара айтып, талқылап, бір-біріне түсіндіргені жақсырақ. Сондықтан да Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдерімен, жастар бірлестігімен белсенді жұмыс істемек.

– Қазіргі синтетикалық есірткілер сағыз, кофе түрінде кездесуі мүмкін. Оны білмей қолданып, кейін тәуелді болып қалатын-

дар бар. Сондықтан, жастар мен жасөспірімдерге назар аудару керек, – деді денсаулық сақтау басқармасының қоғамдық денсаулық қызметінің бас маманы Рамиз Аллабергенов.

«Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облысындағы жетекшісі Александр Урмашов жастармен кездесулерге сала мамандарының қатысып, ғылыми түрде түсіндіру жұмыстарын жүргізу маңызды деп санайды.

– Жастар ұйымы ретінде ақпараттық жұмыстар тұрақты жүргізіледі. Алайда, мамандардың қатысуы оның маңызын арттыра түседі. Сондықтан, бұл келісім біз үшін тиімді болмақ. Жаман әдеттерден арылған жастарды шақы-

рып, кездесулер өткіземіз. Себебі, жастарға өз қатарластарының айтқанын дұрыс қабылдай алады. Біз аймақтың университет пен колледждерінің студенттері арасында сауалнама жүргізгенде әрбір үшінші студент кейіпке қатысты «онда тұрған не бар» деген ниетте екенін анықтады. Бұл – ойландыратын мәселе. Сондықтан, оның зиянын жан-жақтан насихаттауымыз керек, – деді ол.

Дөңгелек үстелде лудомания, суицидтердің алдын алу мәселесі де айтылды. Облыстық психикалық денсаулық орталығы директорының орынбасары Азамат Ибраев аяқталған суицидтер 18-45 жас аралығында орын алатынын айтты.

– Ер адамдар суицидті жиі



жасайды. Олардың үлесі бірінші тоқсанда – 76%. Мұндай әрекетке итермелейтін факторлардың бірі – депрессивті-невротикалық бұзылулық. Бірінші тоқсанда сал төмендегені анықталады. Аяқталмаған суицидтердің көрсеткіші – 100 мың адамға шаққанда 10,4. Көп жағдайда әлеуметтік және жеке психологиялық себеп болуы мүмкін. Орталық барлық медициналық ұйымдармен тығыз байланыста. Мамандарымыз барлық мекемелерге барып семинар, лекциялар жүргізеді, – деген Азамат Ибраев лудомания бойынша екі жылда 4 адам стационарлық ем алғанын айтты. Ол халықтың бұл мәселемен келмейтінін жеткізді.

Аталған орталықтың психиатр-нарколог дәрігері Гүлнар Какимова жана психотропты заттар туралы баяндады.

Мамандар баланың бойында қандай да бір өзгерістерге мән беруді ескертті. Атап айтқанда, баланы оқу мен отбасы істеріне қызығушылығы жоғалса, ақша жеткілігі артса, кей кездері тәбеті артып, күдік тудыратын достары пайда болса, әрекет ету қажет. Кез келген нәрсенің алдын алу оның салдарымен күрескеннен әлдеқайда жақсы.

Сурет денсаулық сақтау басқармасынан



# «Бақыт деген – сенің бала күндерің»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қауіпсіздік назарға алынып, жасөспірімдердің жай-күйі ерекше бақылауда болмақ. Қазіргі таңда облыстың барлық мамандандырылған мектептері мен инновациялық лицейлерінде жазғы тілдік мектептер мен тілдік курстар, бейіндік лагерлер жұмысын бастады. Барлық 43 қосымша білім беру ұйымдары бекітілген кестеге сәйкес жазғы кезеңде жұмыс істеп тұр. Сондай-ақ, мектеп жанындағы лагерлер арнайы мектеп-интернаттар балаларды тамақтандырумен қамтылады. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар 2 мыңнан астам баланың жазғы демалысын көңілді ұйымдастыру – назарда.

Алдағы уақытта денсаулық сақтау желісі бойынша санитариялық және емдеу-сауықтыру кешендерінде – 100 бала, білім беру желісі бойынша мектеп жанындағы, қала сыртындағы лагерлерде – 2 139 бала демалады.

Сауықтыру қала сыртындағы 8 лагерде, 1 киіз үйде өтеді. 423 мектеп жанындағы лагерде балаларды тамақтандыруға мүмкіндігі бар. Қала сыртындағы «Салют», «Жас Қанат», «Березия», «Орленок», «Алау» лагерлері санитарлық-эпидемиологиялық тексеруден өткенін де айта кеткен жөн.

«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры қаржыландыратын жазғы демалыс жобасы аясында,

ауылдық жерлердегі 838 балаға жаз айларын қызықты өткізуге мүмкіндік берілгені көңілге қуаныш ұялатады. Оқуда жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген, мектеп өміріне белсенді араласқан оқушылар Алматы қаласындағы «Таужанашар» лагерінде демалып қоймай, түрлі олимпиадалар мен конкурстарға белсенді қатысады.

## Сарайдағы театр студиясы және Hi-teach

Қарағандыдағы балалардың басым көпшілігі жазғы демалысын №2 Оқушылар сарайында өткізуде. Биік ғимарат жаз бойы жас ұрпақты білім мен ғылымға, өнер мен спортқа баулымақ.

Оқушылар сарайында «Жаз – 2024» лагеріне 5-6 жастағы балалар қабылданды. Мамандар жазды қауіпсіз өткізуге ықпал ететін шараларды түсіндірді. Балалар қазіргі таңда үш топқа бөлініп, үйірмелерге қатысады. Күн сайын балалардың жазғы уақыттарын тиімді өткізу үшін ата-аналар тарапынан ұсыныстар түседі. Мамандар 2-3 ауысымдарға бөлініп жұмыс істейді. Балалардың Оқушылар сарайындағы жазғы демалысы тегін өтеді, – деді №2 Оқушылар сарайының директоры Шариза Алтынбекова.

Жазғы лагерде оқушыларды ойынға дайындайтын Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Берікбай Қарымсақұлының айтуынша, ойын баланың ойлау қабілетін арттырады. Сабырлық пен миды жеті дамытуға бағытталған.

– Қыркүйек айынан бастап 40-

60-қа жуық балалар ойынға қатысады. Жазғы лагерде де үйірмелер тегін болғандықтан, келушілер қатары да көп. Ойынмен қатар, тоғызқұмалақ, шахмат баланы төзімділікке үйретеді. Гаджеттің орнын ойынға алмастырса, бұл – баланың өзіне жақсы. Логикалық ойлауы жақсы бала жаратылыстану бағытындағы пәндерге жүйрік болады, – дейді Берікбай Қарымсақұлы.

Мұғалімдердің айтуынша, қазіргі таңда балаларға тек мектепте білім алумен шектелу аздық етеді. Әсіресе, жазғы демалыста балалардың түрлі салалардағы танымдық қызығушылықтарын дамытуға сұраныс басым. Аймақта бала дарынын дамыту, әлеуетін ашу, қоғамға бейімді болу, шығармашылық бағытта шыңдауға №2 оқушылар сарайы белсенді жұмыс істеп тұр.

Оқушылар сарайындағы тіл, математика-логикалық шығармашылықтан сабақ беретін Гүлбақша Төлегенқызының айтуынша, балаларға жазғы лагер ерекше әсер қалдырады.

Мектеп жанындағы лагерлердің жұмысы басталғалы «Қауіпсіз жаз», «Қауіпсіз аттракцион», «Қауіпсіз лагер» профилатикалық акциялары өтуде. Сарай үйірмелеріне 5 жастан – 18 жасқа дейінгі балалар 7 бағыт бойынша қабылданады. Бүгінгі таңда №2 оқушылар сарайында 84 үйірменің жұмысы жүріп тұрғандықтан, 5 жастан 17 жасқа дейін 3 мыңға жуық бала тіркелген, – деді Гүлбақша Төлегенқызы.

Балалар лагерде көлік және техникалық шығармашылық шеберханалары мен робототехника және Hi-teach технологиялары бойынша білім алады.

Музыка, театр студиясында, хор және хореографиялық залдарда, балалардың басқа да өнер түрлері саласындағы шығармашылық белсенділігін дамытатын музыкалық-эстетикалық бағыт та өз жұмысын белсенді атқарып тұр. Балаларды сурет салу техникасына баулитын шығармашылық көлөнер шеберханаларын, ART және Fashion студияларында эстетикалық талғамды дамытатын көркемдік бағыттың бар екенін айта кеткен жөн. Мектеп жасына дейінгі ба-



лалармен жұмыс істеп, нейро-психологиялық негіздерін қолданатын ерте дамыту бағыты да біраз оқушылардың қызығушылығын арттыруда.

## Киіз үйдегі көңілді демалыс

210 баланы қамтитын Ақтоғай ауданындағы 6 күндік киіз үй лагері де өз жұмысын бастады. Шабанбай би елдімекенінде орналасқан «Жас турист» киіз үй лагері балалардың денсаулығын қалпына келтіруге бағытталған. Қазақтың мәдениетін құрметтеуге бағытталған лагерде балалар шығармашылық дарынын дамытады.

Киіз үйдегі лагерде балаларға ұлттық құндылықтарды сіңіру арқылы патриотизмге тәрбиелеуді көздеді. Олардың дұрыс тамақтануы, таза ауада дене шынықтыруы – маңызды. Демалыс барысында тек мәдени-демалыс іс-шараларын өткізумен шектелмейміз, үйірме, клуб, экскурсияға апарып, жорықтарға шығарамыз. Киіз үйлі лагер бағдарламасы бірнеше бағыт бойынша әртүрлі шараларды қамтиды. Ұлттық ойындардан жарыстар ұйымдастыратын мақпалық, – дейді Ақтоғай ауданы білім бөлімінің мамандары.

Балалардың толыққанды демалысын ұйымдастырудағы киіз үйлі лагердегі күннің бірінші жартысы – белсенді демалысқа арналған. Бұл жерде балалар экскурсия, жарыстар, конкурстарға дайындалады. Екінші жартысында тыныш ойындар, әңгімелер

айтылады. Киіз үйлі лагер отрядтарға бөлінгендіктен, әр отрядтың өз атауы, ұраны бар.

Тәрбиешілердің сөзіне сүйенсек, жоспарланған шаралар оқушылардың тікелей қызығушылықтарына, денсаулығы мен қауіпсіздігіне бағытталған.

## Лего-конструктор іздесең, IT-лагерге кел!

Быыл сондай-ақ, Теміртау жоғары политехникалық колледжі базасында «жазғы IT-лагер» бейіндік алаңы демалушыларын қарсы алды. IT-лагер жас темір-таулықтарды кәсіпке ерте бағдарламақ.

Колледж оқытушыларының айтуынша, он күн ішінде Теміртау қаласының 100 оқушысы ақпараттық технологиялар негіздерін ұғынады. Оқу бағдарламалары жас ерекшеліктерін ескере отырып, ойын түрінде жасалған. 8-11 жас аралығындағы оқушылар TinkerCAD-та 3D модельдеумен танысады. Scratch-те ойын құрумен, Studio 2.0-де онлайн-Лего-конструкторларды құрастырумен айналысады. Ал, 11-15 жастағы балаларға Blender-де 3D модельдеу, Roblox-та өз ойын әзірлеу, медиа-контентті бар веб-бетті құру және жобалау қарастырылған.

Күніне екі сағаттық спорттық жаттығулармен қатар, этно-және экологиялық, шығармашылық шеберханалар, спорттық жарыстар, психологиялық тренингтер, бассейнге бару да жоспарда бар. Лагердегі демалыс күндер қоры-

тындысы Қарқаралыға экскурсиямен жалғаспақ.

Лагерге колледждің барлық инфрақұрылымы жұмылдырылған. IT-орталық, спорт стадионы, спорт залдары, асхана бар. Лагердің штаттық қызметкерлері – колледж педагогтарынан құралған, – деді Теміртау жоғары политехникалық колледжінің оқытушылары.

Жазғы кезеңде балалардың қауіпсіздігі басты назарда болмақ. Аймақ оқушылары тегін үйірмелермен қамтылумен шектелмейді. Табиғат аясындағы киіз үйде демалып, жаңа технологияның қыр-сырын меңгереді. Барлық шаралар төтенше жағдайлар департаменті мен жергілікті полиция қызметкерлерін тарта отырып өткізілмеқ.

Мектеп оқушыларының жалпы физиологиялық дамуы мен кемелдену кезеңі – жазғы демалыспен тікелей байланысты. Быыл балалардың күш-жігерін толықтырып, денсаулығы мен сауығуын нығайта түсетін кезеңнің жоспары да ерекше. Бір жағынан мазмұнды болып өткен демалысқа ата-ана да, жазғы демалысын ойдағыдай өткізген балалар да риза болғаны жақсы.

Білім басқармасы мамандары баланың көп уақытын теледидар мен компьютер алдында өткізбеуі аса маңызды екенін айтады. Ата-аналарға баланы жазғы сауықтыру орындарына жіберуге кеңес береді.

Суреттерді түсірген автор



2024 жылғы 09 шілдеде, 16. 00 сағат, Қарағанды қ., ул.Г.Потанина,125/1, ҚР ҰЭМ Қдрм Қар. облыстар, сайт, сондай-ақ Facebook (https://www.facebook.com/dkrem.krg) әлеуметтік желісі арқылы онлайн режимінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті «АлемГаз» ЖШС-нің баға белгілеуді қалыптастыру қағидаларына сәйкес ұсынылған сұйытылған сыйымды газды ГРУ арқылы бөлшек саудада өткізу қызметтеріне бағаның алдағы уақытта ұлғаюу туралы ақпараттың қарау бойынша жария тындау өткізеді. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2017 жылғы 1 ақпандағы №36 бұйрығымен бекітілген қоғамдық маңызы бар нарықтарда.

09 июля 2024 года, в 16. 00 часов, по адресу г.Қарағанда, ул.Г.Потанина,125/1, а также в режиме онлайн посредством социальной сети Facebook (https://www.facebook.com/dkrem.krg), Департамент Комитета по регулированию естественных монополий министерства национальной экономики Республики Казахстан по карагандинской области проводит публичное слушание по рассмотрению информации ТОО «АлемГаз» о предстоящем увеличении цены на услуги розничной реализации сжиженного емкостного газа через ГРУ, представленной в соответствии с Правилами формирования цен образования на общественно – значимых рынках, утвержденных приказом Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 1 февраля 2017 года №36.

№146

## ҚАЛҚАН

# Сапта – жас офицер!

Орталық өңірлік қолбасшылығына қарасты 5451 әскери бөлімінің аумағында Ұлттық ұлан Академиясының биылғы түлектері қызмет етуге келген жас офицерлермен үш күндік оқу-әдістемелік жиынын өткізді. Жиынды Орталық өңірлік қолбасшылығының жауынгерлік басқармасының бастығы, полковник Бақдаулет Оспанбеков басқарды.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жиын барысында сарбаздар әскери қызметке кірісер алдында өңірдің жауынгерлік қызметімен танысып, теориялық білімін практикаға ұштастырды. Әдістемелік жиын барысында жас ко-

мандирлер жауынгерлік қызметті ұйымдастырып, жеке құраммен сабақ өткізді.

Жиынның соңғы күнінде Орталық өңірлік қолбасшылығының қолбасшысы генерал-майор Сакентай Шекербеков 32 сарбаз қатысқан жұмысты қорытындылау үшін барша басшылық

құрамымен таныстырды.

– Әскери саланың-қыр сырын толық меңгеріп, ішкі тәртіпті қатаң сақтау қажет. Әрі бір-бірінді жатсынбай, бір үйдің баласындай болындар. Сонымен қатар, қызмет барысында заңдылық талаптарын ұстану міндетті, – деді Сакентай Амантайұлы.

Өңірлік қолбасшылықтың жеке құрамы жоғарғы әскери оқу орнын үздік тәмамдаған түлектерден тұрады. Атап айтсақ, 2022 жылы лейтенант Данила Горбуль (қазіргі аға лейтенант), 2023 жылы лейтенант Өміржан Тіле-

ген, 2024 жылы Абылайхан Айтуаров алғашқы офицерлік «лейтенант» шенін Қарулы күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысқан шарада иеленген болатын. Бүгінде олар өз тәжірибелерін Орталық өңірлік қолбасшылығының әскери бөлімдерінде пысықтап келеді.

Шара соңында жас сарбаздарға Ұлы Отан соғысының батыр, Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлы мен ротмистр Валентин Куляинскийдің «Командирдің күнделігі» жинағын тапсырды.

# «Жасыл ел» жасағы жарап тұр

Приозерск қаласында «Жасыл ел» жасағы айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді. Атап айтсақ, жақында экологиялық акция ұйымдастырып, қала аумағынан 3,5 тоннаға жуық қоқыс шығарып, Балқаш көлінің жағалауларын қоқыстан тазартты. Бағдарлама аясында жұмыспен қамтылған 95 жас маусым басталғалы тиентерге уақыттан бастап, кешке дейін өздеріне белгіленген аумақты мұнтаздай етіп тазалап, ағаштарды суарумен айналысады.

Нүрдіе КӨРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Еңбек маусымында «Жасыл ел» жасағының сарбаздары қаланы көркейту шараларына белсене атсалысып келеді. Бұл жолы да жастар бір үйдің балаларындай жұмылып, қызу жұмыс істеп жатыр. Қоршаған ортаны таза ұстау – әр азаматтың міндеті. Әр адам тазалық пен тәртіпті өз айналасынан, қоршаған ортасынан бастаса, елге деген сүйіспеншіліктің айқын белгісі болары анық. Бұл жоба – ең табысты және ауқымды әлеуметтік жобалардың бірі болып табылады. Бұл жастармен жұмыс жасаудың өте маңызды құралы. Олардың өз Отанына де-

ген сүйіспеншілігін оятып, өздерін туған жердің иесі ретінде сезінуге жетелейді. Таза еңбекпен табыс тауып, ата-ананы қуантуды да осы еңбек жасағандағы алғашқы еңбектері арқылы сезіне алады. Маусым айының сарбаздары бірінші болып арнайы формалармен қамтамасыз етілді. Аталған еңбек жасағының сарбаздары аптаның жұмыс күндері күн сайын, күннің ыстығы мен ауа райының қолайсыздығына қарамастан қала аумағында қоқыстан тазарту жұмыстарын жүргізуде, – деді Приозерск қаласының ішкі саясат бөлімінің басшысы Гүлжан Шәрбекова.

Байқағанымыздай қазіргі таңда бекітілген жұмыс жоспары бой-



ында қала көшелерін арамшөптен тазартып, ағаштарды әктеп, түттеп, қураған бұталарын кесіп, ағаш отырғызу, коғалдандыру және абаттандыру жұмыстарымен айналысады.

Айта кетейік, Приозерск қалалық «Жасыл ел» штабының жасақтары қала аумағында он бірінші жыл өз жұмысын атқаруда. «Жасыл ел» еңбек жасағының сарбаздары жоспарлы түрдегі жұмыстан бөлек түрлі байқаулар мен мәдени іс-шараларға қатысады. Сонымен қатар, жас сарбаздар волонтерлік жобаларға қатысып, мұқтаж отбасылар мен ардагерлерге көмек көрсетіп келеді.

ПРИОЗЕРСК

Суретті түсірген автор





• КОНФЕРЕНЦИЯ

# Хан Бертістей ер өткен

Жер шарындағы ең алып құрлықтың қасиетін ортасындағы осынау байтақ далада мыңжылдықтар бойы хандық құрған едік. Түркі баласы төңірегін ұсынып ұстады. Ал, мұндай баға жетпес байлықты сақтау үшін, манайыңа билік ету үшін қандай ұлт болу керек?! Өзімізді тану үшін әлбетте тарих мұхитына ой желкенін жаямыз. Бөрілі байрақ ұстаған Күлтегін, Римді тізерлеткен Еділден бері қайырсақ... Қазақ байтағында XVII ғасырдың соңы мен XVIII басында өмір сүрген даңқты би, қоғам және мемлекет қайраткері, сол дәуірде өмір сүрген замандастары арасында Қарқаралы хан Бертіс атанған Бертіс бабамыздың да есімі – Алаш баласы үшін бір биік тау. Ұлттың керегіне жараған, мүддесіне тұғырлы арнаған бабаның есімі ұлықталды. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің қабырғасында «Қарқаралы хан Бертіс және оның заманы» атты Халықаралық ғылыми конференция өтті. Конференцияға есімі елге мәшһүр тарихшы ғалымдар қатысты. Тағылымды шараны Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті және «Бертіс хан ұрпақтары» қайырымдылық қоры ұйымдастырды.



Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Конференцияның мақсаты айқын: Бертіс бидің өмірі мен қызметін және өмір сүрген заманы туралы терең тарихи таным бар ғылыми-зерттеулерге қызығушылық танытып отырған оқырман қауымға баба есімін ұлықтау.

Конференцияда бірнеше маңызды бағыттар бойынша баяндамалар жасалды. «Бертіс би – мемлекет және қоғам қайраткері», «Қазақ мемлекеттілігінің нығайтудағы тұлғалардың тарихи ролі», «Қазақстан тарихының аса өзекті мәселелері».

Қарағандыдағы ауытуы шараға тарих ғылымдарының докторы, профессор Жамбыл Артықбаев арнайы келіп, «Бертіс хан туралы жазбалар» тақырыбында баяндама жасады. География ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор



(Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті) Серікболат Талжанов «XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Шаншарұлы Бертіс ұрпақтарының қоныстануы» тақырыбын қарастырды.

Сонымен қатар, мемлекет және қоғам қайраткері Бағдат Сейітбатталов, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті)

Жамбыл Жұмабеков, тарихшы, журналист, өлкетанушы Ергазы Төлеуов «Бертіс батыр» тақырыбымен, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Ермек Балташұлы, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің ректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор Нұрлан Дулатбеков мінберге шықты. PhD докторы (Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті) Нұрғас Смағұлов «Жазушы Софы Смағұвтың «Қаздауысты Қазыбек би» романындағы Бертіс бидің тарихи тұлғасы» деген баяндамасын оқыды.

Конференцияның қорытындысында арнайы резолюция қабылданды. Бертіс бидің өмірі мен қайраткерлік тұлғасы туралы ғылыми-зерттеу жұмыстары жалғастырылмақ. Сондай-ақ, Қарқаралы ау-

даны орталығында және Қарағанды облысы орталығында Қазақ хандығының даңқты тұлғасы, «Қарқаралы хан Бертіске» ескерткіш-стелла орнатылады.

Тағылымды шараға Алматыдан «Бертіс хан ұрпақтары» қайырымдылық қорының төрағасы Бағдат Сейітбатталов келді. Ол конференцияның маңызы мен мәніне тоқталды. Сонымен қатар, алда атқарылар жұмыстардың жоспарымен бөлісті.

– Бұл конференцияның маңызы зор. Бертіс ханның 390 жылдығына орай ұйымдастырылып отыр. Ол Ташкенттің өмірі болған. Даңқты бабамыздың қазақ халқына сіңірген еңбегі өз уақытында айтылуы тиіс деп есептеймін. Себебі, бұл – біздің міндетіміз, борышымыз. Бертіс хан – Арқа даласын, соның ішінде Қарқаралы төңірегін Жоңғар шапқыншылығынан

сақтап, азат еткен тарихи тұлға. Қол бастаған. Ерлігімен осы даланы ұрпаққа аманат еткен. «Бертіс хан ұрпақтары» қайырымдылық қоры былтыр қазан айында құрылды. Содан бері маңызды бірнеше шараны атқарды. Алға қойған нақты мақсат, міндетіміз бар.

28 маусымда Қарқаралы ауданындағы Егіндібұлақта Бертіс хан бабамызға ескерткіш ашпақпыз. Ертенде ас беріледі. Содан соң, бәйге, қазақша күрес секілді үлкен іс-шаралар ұйымдастырылады. Аукымды концерттік бағдарлама жасалады. Шымкенттен «Шаншар» эзіл-ысқақ театры арнайы шақырылды. Бертіс ханның жеті ұлы болған. Сол жеті ұлдан тараған ұрпақ осы қордың басы-қасында жүр, – деді қор төрағасы Бағдат Сейітбатталов.

Қазақ халқы дауылды заманалардан алып шыққан бірлігі мен ынтымағы еді. Бертіс ханның ұрпағы Рымбек Қорабаев та осы шараның мақсаты – бүгінгі қазақ қоғамына осы қастерлі ұғымдарды барынша насихаттау дейді.

– Халқымыз бір тудың астына жиналып, ауызбірлікте тұрған кешсе – арманымыздың орындалғаны. Даңқты бабаларымызды біліп, оларды келешек ұрпаққа насихаттау – аға буынның алдындағы қасиетті борыш. Үш жүзге, руга бөлінген, ұлттық арман, мұратымызға ұмтылсақ екен. Бүгінгі ғылыми конференцияның да мақсаты – осы. Тарихымызды түгендеп жүрген барша тарихшыларға, ұлт мүддесіне қызмет етіп жүрген қайраткерлерге, мырзаларға сәттілік тілеймін, – деді Бертіс ханның ұрпағы Рымбек Қорабаев.

*Суреттер ұйымдастырушылардан*

• БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

# «Биебау» бердіңіз бе?

Боз қырау түспей суалмас боз биені байлап күрпілетің күбі піскен қазақтың қарасы көп. Ауыл түгілі қаланың әр қалтарысында «Қымыз сағамын» деушілердің қатары артады. Мамыр айы туысымен бие сүті қасқалдақтың қанындай сұралады. Нарықта «майский қымыз» деген ұғым содан қалса керек. Ел ішінде осы бір «майский» атанған қымыздың әуелгі атауы уыз қымыз емес пе еді?! Атадан бергі суынның атауы алмасап, салты қалып бара жатқаны қалай?! Тіпті, ақ сатып, ақша тапқан ауылдағы ағайынның өзі желі басындағы жоралғаны жасай бермейтін көрінеді...



Қолжазба жасаған Ш.Амантай

Жан АМАНТАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Әркімнің кәсібі – нәсібі, ол жағына дау жоқ. Ал, кенжелеген салтқа ше? Оған дау жоқ па? Жылдан жерде руымыздың батырын, ақынын айтып мақтанғанда, алдымызға қара салмаймыз. «Түпкі қалыбымыз – тарихымызда, шежіреміз – біздің ел болуымыздың ең басты элементі» деп жаздық та, айтудамыз. Бірақ, сол шежіреге тізілген жеті атамыздың салтын сақтау санада тұрмайтыны несі?!

Қымызмұрындық (биебау) – алғашқы уыз қымызға берілетін құдайы ас. Ертеле бір үйдің биебауында бәйге, көкпар, күреске дейін берілетін болған. Күндік ұланасыр той болса, кешкінін жастар алтыбақан теуіп, ақсүйек ойнаған.

Ескі салтты еміс еске түсіретін халге жеттік. Оған себеп күнделікті күйең тірлік, пайдәкүнемдік шығар. Қарап тұрсаңыз, бүгінде көршінің үйіне себепсіз кіре алмайсың. Бұрын ағайыны аралас, малы қоралас көршінің үйінің есігі айқара ашық, қатар тұрған екі-үш үй біріне-бірі кіріп-шығып күңкілдесіп қымызын ішіп, жүре беретін. Қазір, көрші үйге кіре қалсаңыз, келген себепіндей айтып ақталуға тура келеді. Ал, бие байлаған үйлерге барсаңыз, есіктен шыққан келіні қымыз литрінің құнын айтып тақылдап тұрады. Меніңше, бұған ешкімді кінәлауға болмас. Кінә – өзімізден. Әуелгі салтқа деген сенімге түрлі діни ағыммен селкеу салып алдық. Оның үстіне, ескі салттан бейхабар жастар жетіліп, үй несіне ай-

налды. Қалада өскен балаға дала тәрбиесін бермеген ата-ана баласының сараңдығын айтып мақтанып тұрады. Пайымынша құдайы қонаққа «сымбыл» татырмай, сыбағасыз шығарып салу малсақтық, баюға жасаған алғашқы қадамы көрінеді. Дәл осылай жорыған атаның салт айтқаны не теңі?!

«Мен сізге айтайын, олар бие сүтін ақ шарап тәрізді ішеді, шемісу (қымыз) деп атайды және ол – өте дәмді суын. Олар ол суынды әр келген қонағына ұсынады. Жер бетіндегі ең қонақжай қауым» – деп жазыпты әйгілі жинанкес Марко Поло.

Бұл аз десеңіз, бірде атақты Бейбарыс сұлтан бастаған салт аттылы ауыл іргесінен өтіп бара жатып, шеткері үйге түсіп сәлемдескенде, үй бәйбішесі ағаш тостақпен әмірге қымыз ұсынады. Мұны әмірдің жасауылы көріп әлгі әйелдің қолын қағып оған жекіп тастайды. Сонда Бейбарыс әлгі жасауылы сол қылығы үшін жазалап, «Бұдан былай Мысыр елінде де келген қонаққа бие сүті ұсынылсын», – деген жана жарлық шығарады.

Расында, елімізді өзге ұлттан ерек етер салттардың арқасында қазақты ел таниды. Бір қымызмұрындық салтының өзінде тұтас тәрбие мен жөн-жоралғы жатыр. Мысалы, көктем шығып биесі аман-есен құлындағы қыр қазағы құлындар қарақұлақ болып кетпей, желі керіп, оларды ноқтаға үйреткен.

Бұрыннан сауылатын биелерді ноқтап, құлындарын желіге таңып, қозы қарындағы сары маймен желі басын, құлындын маңдайын майлаған. Бұл – ақ мол болсын деген ырым. Дәл осы көрініске өткен-кеткен көрші-қолан куә бола қалған жағдайда олар да салтан жығылмай «Сауар көбейсін!» деп дауыстай өткен. Шынжырдың шығырындай бір-бірімен астасып жатқан көне салттың көкесіні – бірлік, асағаны – ынтымақ еді. Бір дастарқан басына малдас құрған бұрынғының қонағы мен үй несінің диалогында да талай тағылым бар. Қымыз құйылған тостақты ішпес бұрын әлгі қонақ оны көтеріп тұрып, үй несіне «Мінекейіңіз!» деп үн қатады. Үй несі «Бұйырсын!» дегенде ғана қонақ тостақты аузына апарған. «Ас несімен тәтті» деген тәмісін аптап ыстықта ақырған қымызды сіміріп мағұрлана тамсанған қонақтан қалса керек. Ал, қазір қаладағы көп қымыз сатушыдан «Биебау бердіңіз бе?» деп сұрай қалсаңыз, «Ол не?» деп, немесе «Жоқ, ол неге қажет?» деп таңырқай жауап қататындар жоқ емес. Әрине, салт ол ант емес орындалмаса киесі атар. Алайда, салттың сақталғаны сақ баласы үшін анттың орындалғанынан да маңызды болар. Қыс болса да, қысыр сауып қымыз ішер қазақтың шоқтығы – салтында. Ал, сіз ше құрметті оқырман бие байлап, «Биебау» бердіңіз бе?...

• ШАҒЫН ФУТБОЛ

# Құрлық додасынан – қола жүлде

Шағын футболдан Босния астанасы Сараевода өткен «Еуро-2024» бәсекесінде қазақстандық құрама 24 команда арасында үздік үштіктің қатарынан орын алды. Бұл жеңістің басты кейіпкерлері – қарағандылық «Биосфера» ойыншылары. Төрткүл дүние көз тіккен ала доп аламында бой көрсетіп, жеңіспен оралған жеңімпаз футболшылар және құрама басшылығы, жаттықтырушылары мен демеушілері облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының Алғыс хатымен марапатталды.

Жан АМАНТАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстан құрамасы топтық кезеңде бірінші орын алып, кейін словениялық және эзирбайжандық қарсыластарын жеңіп, финалға шықты. Ал, Румыниямен ақтық кездесуде біздің құрама қақпасына айып добы тебіліп, нәтижесінде қазақстандықтар жеңіліс тапты. Десек те, Еуропа чемпионатының қола медалі үшін ойналған матчта біздің команда Франциядан 7:2 есебімен басым түсіп III орынға табан тіреді.

– Қазақстан құрамасының көрсеткіштері айтарлықтай. Былтыр Біріккен Араб Әмірлігінде өткен Әлем чемпионатында II орын еншілегеніміз есте. Ал, биыл Еуропа чемпионатының қола жүлдесі бұйырды. Осы қарқыннан танбасак, 2025 жылы өтетін жарыстарда аламан алдынан көрінетінімізге сенім мол, – дейді дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысы-

ның орынбасары Рустам Қожабеков. Шағын футбол алаңының шаңын көтеріп, абырой асқақтатқан қарағандылық «Биосфера» ойыншыларының құрамында сан түрлі мамандық иелері топтасқан. Онда кенші, құрылысшы, кәсіпкер, дәрігер, ұстаздар бар. Мысалы Абель Таржанов Х.Мақажанов көпбейінді ауруханасында офтальмолог дәрігер қызметін атқарады. Өмір жолында мамандығы дәрігер болса да, қолы қалт етсе, футбол ойнағанды жаны сүйеді.

– Жарыс өте тартысты өтті. Ойынға барымызды сала алмадық. Уақыттың тапшы болғаны ойыншыларды абдыратып тастады. Өйтпесе, команда қарқыны басым еді. Алтын алмасақ та, қолаға қол жеткіздік. Жақсы ойын көрсеткен қарсыластарға алғыс шексіз. Бұл жарыста тек жеңу емес, тәжірибе алмасу да маңызды екенін ұмытпаған абзал, – дейді Абель Таржанов.

*Сурет ұйымдастырушылардан*



**ORTALYQ QAZAQSTAN**  
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
**МЕНШІК ИЕСІ:** «Сауатқа Ақпарат» ЖШС

Директор –  
**Қайрат Жүнісұлы**  
**ӘБІЛДА**  
Директордың орынбасары –  
**Оксана Вячеславовна**  
**МЯГКИХ**

Бас редактор –  
**Е.К. МУСАБЕК**  
Бас редактордың орынбасары –  
**Қ.А. АЙТЖАН**  
Сайт редакторы –  
**І.Д. МҰҚАЙ**  
Жауапты хатшы –  
**Ж.Қ. ШАЛҚАР**

**Телефондар:**  
Бас редактор: 43-35-37  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

**Меншікті тілшілер:**  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Призерлер: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № KZ18VRY00030163 күзәлігі берілді.  
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
**Мекенжайымыз:** 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №33 үй.

**Электрондық пошта:** ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KZJWBZKX БИН 000840001412

Таралымы 5 508

№ 70 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Кәлемі 2 баспа табақ.

**Бағасы келісім бойынша**  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
**Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.**  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор **Ерік НАРЫН**